23. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесінің 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарында және (немесе) "Своп бойынша операциялар" кестесінің 2, 3, 4, 5, немесе 6-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде барлық көрсетілген бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімі нысанының "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесінің 9, 10 немесе 11-бағандарында және "Своп бойынша операциялар" кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесінің 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарында салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесі 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің "Своп бойынша операциялар" кестесінің 2, 3, 4, 5 немесе 6-бағандарында салық тіркелімінің "Своп бойынша операциялар" кестесі 2, 3, 4, 5 немесе 6-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесінің 9, 10 немесе 11-бағандарында салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша айқындалған сома көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің "Своп бойынша операциялар" кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында салық тіркелімінің "Своп бойынша операциялар" кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша айқындалған сома көрсетіледі.

Салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарының мәндерін және "Своп бойынша операциялар" кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің "Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар" кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарында және "Своп бойынша операциялар" кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында айқындалған айырма сомасы "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 21-22-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

24. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

25. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

5 тарау. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстарының сомалары бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстарының сомалары бойынша салық тіркелімі нысаны, тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын шығыстарды барабар бөлу әдісі бойынша анықтайтын резидент емес заңды тұлғаның басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомаларын көрсетуге арналған.

27. "Резидент емес заңды тұлғаның қаржы есептілігі деректері" (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) кестесінде, оның қаржы есептілігінде көрсетілген тұтас алғандағы резидент емес заңды тұлғаның деректері:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - валютаның коды көрсетіледі. 2-бағанда деректер ұлттық валютада толтырылады. 2-бағанның 3-жолында "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі - Шешім) бекітілген "Валюталар жіктеушісінің" 23-қосымшасына сәйкес валюталардың коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда - тұтас алғанда жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы;

4) 4-бағанда - тұтас алғанда персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасы;

5) 5-бағанда - тұтас алғанда негізгі қорлардың бастапқы (ағымдағы) құны;

6) 6-бағанда - тұтас алғанда негізгі қорлардың теңгерімдік құны;

7) 7-бағанда - шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстары көрсетіледі.

28. "Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігі деректері" кестесінде резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігінен деректер:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - валютаның коды көрсетіледі. 2-бағанда деректер ұлттық валютада толтырылады. 2-бағанның 3-жолында Шешімнің "Валюталар жіктеушісінің" 23-қосымшасына сәйкес валютаның коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда - резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметін жүзеге асырудан алынған жылдық жиынтық табысының сомасы;

4) 4-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесі персоналының еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасы;

5) 5-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің негізгі қорларының бастапқы (ағымдағы) құны;

6) 6-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің негізгі қорларының баланстық құны;

7) 7-бағанда - шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстары көрсетіледі.

29. "Басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстардың жалпы сомасы баптар бойынша таратып жазу" кестесінде резидент емес заңды тұлғаның және оның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігінен деректер:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - шығыстар баптарының атауы;

3) 3-бағанда - Қазақстан Республикасында табыс алуға бағытталған тұрақты мекеменің қызметіне байланысты резидент емес заңды тұлға шығыстарының сомасы (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) ұлттық валютада.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

4) 4-бағанда - Қазақстан Республикасында табыс алуға бағытталған тұрақты мекеменің қызметіне байланысты резидент емес заңды тұлға шығыстарының сомасы (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) шет ел валютасында.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

5) 5-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің шығыстары ұлттық валютада көрсетіледі.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

6) 6-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің шығыстары шет ел валютасында.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

30. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда, кателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркелімінің кестелері бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде қосымша салық тіркелімінің тиісті мәндеріне "-" алу белгісі қолданылады.

Салық тіркеліміне қосымша енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 27-29-тармақтарына сәйкес жасалады.

Бұл ретте "Басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың жалпы сомасын баптар бойынша таратып жазу" кестесіне қосымша шығыстардың баптары енгізілген жағдайда мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

31. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

32. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

- 1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;
- 2) өзгерістер енгізілетін салық тіркелімі жолының нөмірі;
- 3) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

6 тарау. Бухгалтерлік есепте төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы, құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек түрінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Осы бухгалтерлік есепте төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек түрінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды есепке алу бойынша салық тіркелімдерінің нысаны Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бухгалтерлік есепте борышкерге талап мөлшерін азайту кезінде табыс болып танылмайтын Салық кодексінің 106-бабы 1-тармағына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығындар соммасын шегерімге жатқызуға құқығы бар салық төлеушілермен бұрын шегерімге жатқызылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін тиісті салық мерзімінде көрсету үшін арналған.

34. "Бухгалтерлік есепте төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы, құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек түрінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайту" кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 3) 3-бағанда – борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) немесе атауы;
- 4) 4-бағанда – төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы түрінде ол бойынша берешегі бар банктік кепілдемені немесе аккредитивті шығару келісім-шартының банктік қарыз шартының нөмірі мен күні;
- 5) 5-бағанда – мұндай талап қою құқығы бар-жоғы кезінде құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек кредит (қарыз) бойынша талап қою құқығын толық немесе ішінара тоқтату соңғы шешімінің нөмірі мен күні;
- 6) 6-бағанда – құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақының сомасы;
- 7) 7-бағанда – төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы түрінде салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды жүзеге асырған негізгі құжаттың нөмірі мен күні;
- 8) 8-бағанда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы түрінде салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайту сомасы;

9) 9-бағанда бұрынғы салық кезеңдерінде шегерімге жататын құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақыға қарсы провизиялар (резервтер) сомасы.

35. Егер салық тіркелімінде қате деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5 немесе 7-бағандарында қателіктер табылған жағдайда қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте , егер қате бір немесе бірнеше бағанда жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде көрсетілген бағандардың барлығының деректемелері көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің 6, 8 немесе 9-бағандарында қателіктер табылған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5 және 7-бағандарында салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5 және 7-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің 6, 8 немесе 9-бағандарында салық тіркелімінің 6, 8 немесе 9-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің 6, 8 немесе 9-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде анықталған айырма сомасы қосымша салық тіркелімінің 6, 8 немесе 9-бағандарында "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) салық тіркеліміне қосымша бухгалтерлік есепте төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайту сомасын енгізу қажет болған жағдайда қосымша салық тіркелімі осы Қағиданың 60-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтырулар енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдың нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетілуі қажет.

36. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

37. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3) құжаттамалық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекті тануды жүзеге асыру негізінде банктік кепілдемені немесе аккредитивті шығару келісім-шартының, банктік қарыз шартының нөмірі мен күні;

4) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

5) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

7 тарау. Кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес табыс болып танылмайтын кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіру кезінде Салық кодексінің 106-бабы 1-тармағына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығындар соммасын шегерімге жатқызуға құқығы бар салық төлеушілермен бұрын шегерімге жатқызылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін тиісті салық мерзімінде көрсету үшін арналған.

39. "Кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайту" кестесінде:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда – борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3) 3-бағанда – борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) немесе атауы;

4) 4-бағанда – үмітсіз берешегі бар банктік қарыз шартының нөмірі мен күні;

5) 5-бағанда – Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін азайтуды жүзеге асырылған негізінде құжаттың нөмірі мен күні;

6) 6-бағанда – берешектің жалпы сомасы;

7) 7-бағанда – кепілмен (бұдан әрі - кепіл) қамтамасыз ету жөніндегі үмітсіз берешектерді кешіру негізі сәйкес келетін нөмірі көрсетіледі.

1 – Кепілдегі мүлік бойынша соттан тыс саудада сатып алушы болмағандықтан екі реттен артық өткізілмегендігінен немесе саудада ұтып алған тұлғаның сатып алу құнын енгізбегендігінен сатылмаған кепілдің болуы.

2 – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 322-бабы 2), 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша кепілді тоқтату.

3 – Кепілдің толық немесе ішнара жоғалған немесе бүлінген себептері кепілге ұстаушылардан (банк) емес.

4 – Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте сауда-саттықтан кепілге өкізу.

5 – Кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен кепіл берушімен кепілге өткізу.

6 – Кепілге салынған мүлікке жүгіну жолдарымен банктің меншігіне кепілге өткізу.

7 – Кепілдің болмауы.

8 – Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын кепілдің бар-жоғы.

8) 8-бағанда – үмітсіз берешектерді кешіру туралы банқтық уәкілетті органның шешімінің нөмірі мен күні;

9) 9-бағанда – үмітсіз берешектерді кешіру сомасы;

10) 10-бағанда – Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес үмітсіз берешектерді кешіру бойынша бұрынғы салық кезеңдерінде шегерімге жататын провизиялардың (резервтердің) сомасы. Бұл ретте 5-бағанды толтырған жағдайда, 10-баған толтырылмайды.

40. Егер салық тіркелімінде қате деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5, 7 немесе 8-бағандарында қателіктер табылған жағдайда қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер қате бір немесе бірнеше бағанда жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде көрсетілген бағандардың барлығының деректемелері көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің 6, 9 немесе 10-бағандарында қателіктер табылған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5, 7 және 8-бағандарында салық тіркелімінің 2, 3, 4, 5, 7 және 8-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің 6, 9 немесе 10-бағандарында салық тіркелімінің 6, 9 немесе 10-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің 6, 9 немесе 10-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде анықталған айырма сомасы қосымша салық тіркелімінің 6, 9 немесе 10-бағандарында "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) салық тіркеліміне қосымша кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшері азайтылған қосымша қарыз шартын енгізу қажет болған жағдайда салық тіркелімі осы Қағиданың 65-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтырулар енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдың нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетілуі қажет.

41. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

42. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3) Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы жөніндегі үмітсіз берешекті кешіруге байланысты, борышкерге қойылатын талаптың мөлшері азайтылған банктік қарыз шартының нөмірі мен күні;

4) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

5) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

8 тарау. Туроператор қызметтері бойынша салық тіркелімінің нысандарын жасау

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Туроператор қызметтері бойынша салық тіркелімінің нысаны шығу және келу туризмі бойынша туристік өнімнің жылжуы бойынша, оның ішінде жолаушылардың тұруын, оларды тасымалдауды, сақтандыруды және

туроператор төлеген басқа да шығыстарды қамтитын турагентпен (туристпен) жасасқан шартқа сәйкес туроператор көрсететін қызмет шығыстарының сомаларын көрсетуге арналған.

44. "Көшпелі туризм" кестеде:

- 1) 1-бағанда – жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – турагентпен жасасқан келісімшарттың нөмірі және күні;
- 3) 3-бағанда – турагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) 4-бағанда – келісімшарттың жалпы құны;
- 5) 5-бағанда – тұру құны;
- 6) 6-бағанда – жолаушыларды тасымалдау құны;
- 7) 7-бағанда – сақтандыру құны;
- 8) 8-бағанда – туроператор төлеген басқа да шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Көшпелі туризм" кестеде:

- 1) 1-бағанда – жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – турагент немесе туристпен жасасқан келісімшарттың нөмірі және күні;
- 3) 3-бағанда – турагенттің немесе туристің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) 4-бағанда – келісімшарттың жалпы құны;
- 5) 5-бағанда – тұру құны;
- 6) 6-бағанда – жолаушыларды тасымалдау құны;
- 7) 7-бағанда – сақтандыру құны;
- 8) 8-бағанда – туроператор төлеген басқа да шығыстардың сомасы көрсетіледі.

45. Егер салық тіркелімінде қате деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің 2, 3-бағандарында қателіктер табылған жағдайда қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер қате бір немесе бірнеше бағанда жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде көрсетілген бағандардың барлығының деректемелері көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің 4, 5, 6, 7, 8-бағандарында қателіктер табылған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің 2, 3,-бағандарында салық тіркелімінің 2, 3-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің 4, 5, 6, 7, 8-бағандарында салық тіркелімінің 4, 5, 6, 7, 8-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің 4, 5, 6, 7, 8-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде анықталған айырма сомасы қосымша салық тіркелімінің 4, 5, 6, 7, 8-бағандарында "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) турагент немесе туристпен жасасқан келісімшарттың салық тіркеліміне қосымша енгізу қажет болған жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 44-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтырулар енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдың нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетілуі қажет.

46. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

47. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) турагенттің немесе туристің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) келісімшарттың (ол болған жағдайда) нөмірі мен күні;

4) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

5) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

9 тарау. Табыстарды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Табыстарды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің табыстарының есебі бойынша операцияларды көрсетуге арналған.

49. Салық тіркелімі "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" және "Дара кәсіпкердің негізгі

құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" деген екі кестені құрайды.

50. "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда - табыстан алынған немесе табысқа түзету жүргізілген күн;
- 3) 3-бағанда - бір күн ішінде алынған табыстың сомасы;
- 4) 4-бағанда - Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес жүргізілген бір күн ішіндегі табысты түзету мөлшері көрсетіледі.

Жұмыс күнінің соңына қорытынды шығара отырып, 3 және 4-бағандардың қорытынды шамасы хронологиялық тәртіппен толтырылады. Салық кезеңіндегі айдың соңында салық кезеңіндегі ай, салық кезеңі үшін қорытынды деректер шығарылады.

Кестенің әр жолы тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін табыстар бойынша Салық кодексінің 427-бабы 3 және 4-тармақтарына сәйкес табыстардың басқа түрлері бойынша Салық кодексінің 427-бабы 6-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес толтырылады.

51. "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда - дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті (жарғылық капиталға) өткізу құны. Осы бағанның қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

3) 3-бағанда - дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүліктің немесе жарғылық капиталдың бастапқы құны көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

4) 4-бағанда - (2-баған - 3-баған) формуласы бойынша айқындалатын 2-баған мен 3-бағанның оң айырмасының сомасы көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы ай салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

52. Салық тіркеліміне Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес бұрын танылған табыстары түзетілген (алғашқы есеп құжаттары болған жағдайда) жағдайда өзгеріс және (немесе) толықтыру жүргізіледі және салық тіркелімі нысанын жасау жолымен қателер жіберілген кезде оның өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін салық тіркелімінің (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жолдарының нөмірлері көрсетіледі және толтырылады.

Бұл ретте, Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған салық кезеңінде табыстарға түзетулер жүргізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі жасалмайды.

53. Бұрын табыстарға түзету жүргізілуге тиіс деп танылған салық кезеңінде Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес табысты түзету жүзеге асырылған жағдайда, салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қосымша салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 1 және 2-бағандарында "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 1 және 2-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

2) қосымша салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырманың деректемелері көрсетіледі.

Бұл ретте, анықталған айырманың деректемелері толық түзетілген соңғы күнге дейін көрсетіледі.

54. Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 1 және 2-бағандарында қателер анықталған жағдайда қосымша салық тіркелімінде түзетілген тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде барлық көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарында және "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 1 және 2-бағандарында салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 1 және 2-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

салық тіркелімінің қосымша нысанының "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

салық тіркелімінің қосымша нысанының "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру арқылы анықталған айырманың сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандары мен "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінің 2, 3 және 4-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі" кестесінің 3 және 4-бағандарында және "Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі" кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында анықталған айырма сомасы "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 50 және 51-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

55. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

56. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

10 тарау. Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысандарын жасау

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операцияларды көрсетуіне арналған.

58. "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінде:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы;

3) 3-бағанда - тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі), тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірін (бизнес-сәйкестендіру нөмірін) көрсету мүмкіндігі болмаған кезде, оның мынадай деректерінің біреуін көрсету қажет: жеке куәлігінің немесе паспортының нөмірі, мекенжайы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру немесе тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу орны;

4) 4 және 5-бағанда - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алуға негіз болып табылатын алғашқы құжаттың (жүкқұжат, қабылдау-беру актісі, көрсетілген қызметтің, орындалған жұмыстың актісі, шот-фактура, шарт және басқалары) нөмірі және күні;

5) 6-бағанда - қосылған құн салығының сомасын есепке ала отырып тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңінің күн, ай ішінде осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

б) 7-бағанда - қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңінің күн, ай ішінде осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

59. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзету тізілімнің тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін тізілім (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) нысанын жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда, қосымша салық тіркелімінде көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 6 және 7-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарында салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 6 және 7-бағандарында салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесі 6 және 7-бағандарында көрсетілген сомамен салыстыру арқылы айқындалған айырманың сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 6 және 7-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің "Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 6 және 7-бағандарында анықталған айырма сомасы "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

60. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

61. Қосымша салық тіркеліміне салық тіркелімінің қосымша нысанын жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

11 тарау. Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операцияларын көрсетуге арналған.

63. "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды

қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда - табыс есептелген қызметкердің немесе жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты;
- 3) 3-бағанда - табыс есептелген және төлем жүргізілген қызметкердің немесе жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);
- 4) 4-бағанда - ай басында қызметкерге немесе жеке тұлғаға төленбеген табыстар бойынша берешек сомасы;
- 5) 5-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін есептелген табыстарының сомасы;
- 6) 6-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның салық салуға жатпайтын табыстарының сомасы;
- 7) 7-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның табысынан салық шегерімдерінің сомасы;
- 8) 8-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын табысының сомасы;
- 9) 9-бағанда - жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;
- 10) 10-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін жеке табыс салығы салынатын табысының сомасы;
- 11) 11-бағанда - есепті ай үшін бюджетке төлеуге жататын төлем көзіне салынатын жеке табыс салығының сомасы;
- 12) 12-бағанда - есепті ай үшін төлеуге табыс сомасы;
- 13) 13-бағанда - есепті ай үшін төленген табыстар сомасы;
- 14) 14-бағанда - ай соңында төленбеген табыстар бойынша берешек сомасы;
- 15) 15-бағанда - есепті ай үшін әлеуметтік салық есептелетін орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін табыстар түріндегі қызметкерге төленетін жұмыс беруші шығыстарының сомасы;
- 16) 16-бағанда - есептелген әлеуметтік салық сомасы;
- 17) 17-бағанда - есепті ай үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін қызметкердің немесе жеке тұлғаның табыстарының сомасы;
- 18) 18-бағанда - есепті ай үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударуға жататын әлеуметтік аударымдар сомасы;
- 19) 19-бағанда - есепті ай үшін төлеуге жататын (16-баған - 18-баған), формуласы бойынша айқындалатын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

Осы кестенің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарының қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда

көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен соңғы жолда айқындалады.

64. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетуге жол берілген жағдайда, қателерді түзету салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2 және 3-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда, қосымша салық тіркелімінде көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2 және 3-бағандарында салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 1, 2 және 3-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18

және 19-бағандарында салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында көрсетілген сомамен салыстыру арқылы анықталған айырманың сомасы көрсетіледі.

"Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарына бағандардың мәнін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің "Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар" кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында анықталған айырма сомасы "-" алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру, өзгерту енгізілген жағдайда қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

65. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

66. Қосымша салық тіркеліміне:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) контрагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып, қосымша салық тіркелімінің нысанын жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме қоса беріледі

12 тарау. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін және жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салықтық міндеттемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) "Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп" (үстеме пайда салығы бойынша) 1.2-нысаны;

3) "Өндірілген және сатып алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің қозғалысы туралы есеп" (қосылған құн салығы бойынша) 1.3-нысаны;

4) "Өндірілген өнімдердің, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің өзіндік құны" (пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша) 1.4-нысаны;

5) "Дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазу" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 1.5-нысаны.

3. Банктік қыматті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілер салық тіркелімдерін жасайды және табыс етеді:

- 1) "Бухгалтерлік баланс" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 2.1-нысаны;
- 2) "Кірістер мен шығыстар туралы есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 2.2-нысаны;
- 3) "Дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазу" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 2.3-нысаны.

4. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту бойынша қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілер келесі салық тіркелімдерін жасайды және табыс етеді:

- 1) "Зейнетақы активтері бойынша есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 3.1-нысаны;
- 2) "Зейнетақы активтерін басқару бойынша есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 3.2-нысаны;
- 3) "Бухгалтерлік баланс" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 3.3-нысаны;
- 4) "Кірістер және шығыстар туралы есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 3.4-нысаны.

5. Сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілер келесі салық тіркелімдерін жасайды және табыс етеді:

- 1) "Сақтандыру қызметі туралы есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 4.1-нысаны;
- 2) "Бухгалтерлік баланс" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 4.2-нысаны;
- 3) "Кірістер және шығыстар туралы есеп" (корпоративтік табыс салығы бойынша) 4.3-нысаны.

6. Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер 5-нысан бойынша "Алдағы (ағымдағы) күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы" салық тіркелімін жасайды және табыс етеді.

7. Салық төлеушілер мониторингі нақты салық салынатын базасын айқындау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының сақталуын және трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру мақсатында қолданылатын нарықтық бағаларды бақылау мақсатында олардың қаржылық-шаруашылық қызметін талдау жолымен жүзеге асырылады.

8. Мониторинг салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің орындалуын қамтамасыз ететін уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) орталық серверінің дерекқорына деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы салық төлеушілерден негізгі қаржылық-экономикалық және салықтық көрсеткіштер бойынша ақпарат жинау жолымен жүзеге асырылады.

Мониторинг уәкілетті органмен жүзеге асырады.

Мониторинг бойынша салық есептілігі шоғырландырылған түрде тапсырылады.

9. Мониторинг бойынша дерекқор осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен бағдарламалық қамтамасыз етудің электрондық пішімінде (файлдарында) салық төлеуші табыс ететін, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын, осы Қағидаларға "Салық есептілігі нысандарын жасау қағидасы" деген 2-6 тарауға сәйкес нысандар бойынша жасалатын салық есептілігінің негізінде қалыптасады.

10. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысандарын толтыру бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету салық төлеушілердің барлық есептерін (салық есептілігінің толтырылған нысандарын) бірыңғай стандартта жазылған бір үлгідегі файлдарға келтіру функциясын орындайды.

11. Деректерді берудің электрондық жүйесі салық есептілігінің толтырылған нысандарын белгіленген стандарттағы файлдар түрінде дерекқорға дейін жеткізу тәсілін білдіреді.

12. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысандары және оларды толтыру жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз ету уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

13. Мониторинг бойынша салық есептілігінің толтырылған нысанын салық төлеушілер уәкілетті органға деректерді беру жүйесі арқылы табыс етеді.

14. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысанының түрі.

Аталған торкөздер Салық кодексінің 63-бабына сәйкес белгіленеді. Салық есептілігінің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

15. Мониторинг бойынша салық есептілігінің әрбір нысанын толтыру кезінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 2) құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің атауы;
- 3) мониторинг бойынша салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі;
- 4) салық төлеушінің тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды.

Есепті кезеңде қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері болмаған кезде мониторинг бойынша салық есептілігі қажетті бағандар толтырылмай табыс етіледі.

16. Қажет болған кезде уәкілетті орган табыс етілген мониторинг бойынша салық есептілігі нысандары бойынша таратып жазуды сұрайды.

2. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарын, банктік қызметті, лицензия негізінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін, зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақыны төлеу жөніндегі қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда, мониторингке жататын ірі салық төлеушілермен Мониторинг бойынша салық есептілігін жасау қағидасы (1.1-1.5 нысандары)

17. "Бухгалтерлік баланс" 1.1-нысаны өспелі қорытындымен толтырылады. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

18. "Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп" 1.2-нысаны сәйкес өспелі қорытындымен толтырылады. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

19. "Өндірілген және сатып алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің қозғалысы туралы есеп" 1.5-нысанында салық кезеңі үшін өндірілген және сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) саны көрсетіледі. Егер салық төлеуші тауарлардың әр түрін шығарса, шығарылған барлық тауарлардың түрлері бойынша көрсетіледі. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

"№ р/с" 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі. Келесі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

"СЭҚ ТН коды" 2-бағанында көрсетілген тауардың (жұмыстың, қызметтің) СЭҚ ТН тиісті коды көрсетіледі.

"Тауардың (жұмыстың, қызметтің) атауы" 3-бағанында өндірілген және сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы көрсетіледі.

"Өлшем бірлігі" 4-бағанында кәсіпорында пайдаланылатын, өндірілген және сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өлшем бірліктері (дана, килограмм, тонна, метр, шаршы метр, литр, кВт және Қазақстан Республикасында қолданылатын басқа да өлшем бірліктері) көрсетіледі.

"Салық кезеңінің басындағы қалдық, саны" 5-бағанында салық кезеңінің басындағы қалдық тауардың саны көрсетіледі.

"Салық кезеңінің басындағы қалдық, сомасы" 6-бағанында салық кезеңінің басындағы қалдық тауардың өзіндік құны (баланстық құны) көрсетіледі.

"Өндірілген тауардың саны" 7-бағанында салық кезеңінде өндірілген және сатып алынған тауардың (жұмыстың, қызметтің) саны көрсетіледі.

"Өндірілген тауардың өзіндік құны" 8-бағанында салық кезеңінде өндірілген тауардың өзіндік құны немесе сатып алынған тауардың (жұмыстың, қызметтің) құны көрсетіледі.

"Тауардың басқа түсімі, саны" 9-бағанында салық кезеңі ішінде өндірумен және оны сатып алумен байланысты емес, келіп түскен тауар саны көрсетіледі.

"Тауардың басқа түсімі, сомасы" 10-бағанында өндірумен және оны сатып алумен байланысты емес, келіп түскен тауардың өзіндік құны көрсетіледі.

"Өткізілген тауардың саны" 11-бағанында салық кезеңінде тиеп-жөнелтілген тауардың (жұмыстың, қызметтің) саны көрсетіледі.

"Өткізілген тауардың өзіндік құны" 12-бағанында салық кезеңінде тиеп-жөнелтілген тауардың (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны көрсетіледі.

"Тауардың басқа да істен шығуы, саны" 13-бағанында салық кезеңінде өткізумен байланысты емес, істен шыққан тауардың (жұмыстың, қызметтің) саны көрсетіледі.

"Тауардың басқа да істен шығуы, сомасы" 14-бағанында салық кезеңі ішінде өткізумен байланысты емес, істен шыққан тауардың (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны көрсетіледі.

"Салық кезеңінің соңында қалған қалдық, саны" 15-бағанында салық кезеңінің соңында қалған қалдықтағы, тауардың саны көрсетіледі.

"Салық кезеңінің соңында қалған қалдық, сомасы" 16-бағанында салық кезеңінің соңында қалған қалдықтағы, тауардың өзіндік құны көрсетіледі.

20. "Өндірілген өнімдердің, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің өзіндік құны" 1.4-нысанында есепті кезең ішінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіруге салық төлеуші шеккен шығыстары көрсетіледі. T_1, T_2, T_3, T_4, T_5 – ең көп (негізгі түрлерінің) үлестік мәнінен тұратын, салық төлеушінің өзі айқындайтын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауын білдіреді.

Нысан өспелі қорытындымен толтырылады, өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

"Материалдар" 1-жолында құны көрсетіледі:

1) өндірілетін өнімнің негізін құрай отырып, оның құрамына кіретін немесе өнімді шығару (жұмыстар орындау, қызметтер көрсету) кезінде қажетті құрамдаушы болып табылатын көліктік-әзірлеу шығыстары есепке алғандағы сатып алынатын шикізаттар, негізгі материалдардың;

2) өнім өндірісі барысында қалыпты технологиялық процесті қамтамасыз ету және өнімді орау үшін немесе басқа да өндірістік және шаруашылық

қажеттіліктерге (сынақтар өткізуге, бақылау жүргізуге, негізгі қорларға кірмейтін жабдықтар мен өзге де еңбек құралдарын ұстауға, жөндеуге, пайдалануға) пайдаланылатын сатып алынатын материалдардың;

3) мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыратын жерді қайта құнарландыруға, жерді құнарландыру бойынша төлемдерге табиғи шикізаттың (түбір төлемі, су шаруашылығы субъектілерінен алынатын су үшін төлем, мамандандырылған ұйымдардың табиғи шикізат ресурстарын іздеуге, барлауға, қорғауға, пайдалануды ұйымдастыруға және жаңғыртуға жұмсалған шығыстар);

4) осы субъектіде қосымша өңдеуге, монтаждауға тартылатын сатып алынатын өнімдер, жартылай фабрикаттардың;

5) тараптық ұйымдар орындайтын өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің, шикізат пен материалдарды өңдеудің, өнім дайындау жөніндегі жекелеген операцияларды орындау және белгіленген технологиялық процестердің сақталуына бақылаудың;

6) тараптық көліктің қорлар, материалдар жеткізу бойынша қызметтердің. Сол субъектінің көлігімен және персоналымен шикізаттар, материалдар, сатып алынатын өнімдер мен жартылай фабрикаттарды (қосымша материалдар мен жанармай) жеткізумен байланысты (тиеу-түсіруді қоса) шығыстар өндіріс шығындарының тиісті элементіне енгізіледі;

7) өнім өндіру процесінде қалыпты технологиялық процесті қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын қосалқы материалдар (технологиялық мақсаттарға арналған қосалқы материалдар). Егер оларды өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнына тікелей енгізуде қиындықтар туындаса, құн өзіндік құнға мынадай тәртіппен енгізіледі:

технологиялық мақсаттар үшін өнімнің әрбір түріне қосалқы материалдардың шығыс нормасы айқындалады және осы шығыс нормаларына және материалдардың жоспарлы өзіндік құнына сәйкес өнім бірлігіне сметалық мөлшерлеме белгіленеді. Көрсетілген мөлшерлемелер материалдардың шығыс нормаларының және бағалардың өзгеруіне қарай қайта қаралып отырады. Қосымша материалдарға нақты шығындар жекелеген өнім түрлерінің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына сметалық мөлшерлемелерге үйлесімді түрде қосылады;

8) басқа жақтан алынған, сол сияқты субъектінің өзі өндірген технологиялық мақсаттарға отын: балқыту агрегаттары, домна, мартен пештері үшін, прокат, ұсталық-қалыптау, баспақтау және басқа да цехтарда металды қыздыру үшін, белгіленген технологиялық процеспен бұйымдарды сынақтан өткізу үшін;

9) субъектінің технологиялық, энергетикалық, қозғалтқыштық және өзге де өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалатын электр энергиясы. Субъектінің өзі шығаратын энергияның электрлік және басқа да түрлерін

өндіруге, сондай-ақ сатып алынатын энергияны оны тұтыну орнына дейін трансформаторлау және беруге жұмсалатын шығындар тиісті шығындар элементтеріне енгізіледі.

"Қайтарым қалдықтарының құны" 2-жолында өнімнің өзіндік құнына енгізілетін материалдарға жұмсалған шығындардан қайтарым қалдықтарының құны алып тасталады. Өндірістің қайтарым қалдықтары деп шығыс материалының дайын өнімге айналу процесінде қалыптасқан, шығыс материалы ретінде тұтынылуын толық немесе ішінара жоғалтқан (химиялық немесе физикалық қасиеттерін, оның ішінде толыққандылығын, құрама пішінін және өзгесі) немесе тікелей мақсаты бойынша мүлдем пайдаланылмайтын шикізат, материалдар немесе жартылай фабрикаттар қалдықтары түсініледі.

Белгіленген технологияға сәйкес субъектінің басқа цехтарына негізгі өндірістің бұйымдарын немесе басқа да бөлшектерін дайындауға толыққанды материал ретінде берілетін материалдардың артық қалғандары қалдықтарға жатпайды. Сондай-ақ тізбесі субъектінің есептік саясатымен белгіленетін ет-май өндірісіндегі жол-жөнекей (түйіндес) өнімдер (тері, ішек шикізаты, шикімай, субөнім), глицерин және басқалар да қалдыққа жатқызылмайды.

Қалдықтар қайтарымды (өндірісте пайдаланылатын және пайдаланылмайтын) және қайтарымсыз деп бөлінеді. Өндірісте пайдаланылатын қайтарымдыға субъектінің өзі негізгі немесе қосалқы өндірісті дайындауға тұтынуы қалдықтар есептеледі. Өндірісте пайдаланылмайтын қайтарымдыға субъектінің өзі тек материал, жанармай, өзге де шаруашылық қажеттілікке тұтынуы немесе басқа жаққа өткізуі қалдықтар саналады. Техниканың осы жай-күйінде пайдалануы болмайтын қалдықтар мен технологиялық шығындар саналады.

Қайтарымды қалдықтар мынадай тәртіппен бағаланады:

1) бастапқы шикізат және материалдар төмендетілген баға бойынша (мүмкін пайдалану бағасы бойынша), егер қалдықтар негізгі өндіріс үшін пайдаланады, бірақ көп шығыстармен (дайын өнімдердің төмен шығуымен) немесе көмекші өндірістің қажеттілігі үшін пайдаланады немесе кең пайдаланылатын заттарды өндіруге (мәдени-тұрмыс түріне жататын және шаруашылық күнделікті тұрмыс өнімдері);

2) қалдықтар, шырпулар, жаңқалар және басқалар субъектінің ішінде өндіруге жіберілетін және сыртқа өткізілетін кезде оларды жинау және өңдеуіне шығыстарды шегеріс үшін қалдықтарға белгіленген бағалар бойынша;

3) егер кондициялық шикізат немесе толық көлемдік (толыққанды) материалдар ретінде пайдалану үшін қалдықтар сырттай сатылса.

Қайтарылмайтын қалдықтар бағалануға жатпайды.

"Негізгі өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу" 3-жолда ынталандыратын және төлемді өтейтін өндірістік қорытындысы үшін

жұмысшыларға, қызметкерлерге сыйлықақыны қосатын, оның ішінде баға көтерілуіне және табыстың индексациясына байланысты еңбекті төлеу бойынша өтемақылар, балаға қарауға ішінара төленетін демалыс болатын, әйелдерге заңмен белгіленген көлемде төленетін өтемақылар, сондай-ақ қызметкерлердің негізгі қызметінде айналысатын штатта тұрмайтын ұйымдардың төлеміне шығыстар көрсетіледі.

"Сақтандыруға аударымдар" 4-жолында өнімнің өзіндік құнына қосылатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге кеткен (төлемнің сақтандыру жарналары есептелмейтін түрлерінен басқа) шығындардан медициналық сақтандыруға аударымдар көрсетіледі.

"Жүктеме шығыстары" 5-жолында бірқатар ортақ сипаттамалары бар және мыналарды қамтитын, өндірісті басқарумен және қамтамасыз етумен байланысты шығыстар көрсетіледі:

1) өндірісті шикізатпен, материалдармен, отынмен, энергиямен, аспаптармен, басқа еңбек құралдармен және заттармен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар;

2) негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстап тұру жөніндегі шығыстар (техникалық тексеру, күту және орташа, ағымдағы және күрделі жөндеуді өткізуіне кеткен шығыстар);

3) қосалқы өндірістік персоналдың еңбегін төлеу, өндірістік нәтижелер үшін қызметкерлерге сыйлықақылар, ынталандыру және өтемақы төлемдері;

4) өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге кеткен шығындарынан Жұмыспен қамтуға жәрдемдеу мемлекеттік қорына әлеуметтік, медициналық сақтандыруға белгіленген нормалар бойынша аударымдар;

5) тікелей субъектінің аумағында медпункттерді ұйымдастыру үшін медициналық мекемелеріне субъектілерімен берілетін үй-жайларды және бұйымдарды ұстауға шығындарды қоса алғанда, санитариялық-гигиеналық нормалардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шығындар, өндірістегі тазалық пен тәртіпті сақтауға, субъектінің техникалық пайдалану қағидаларында көзделген өртке қарсы және қарауыл күзеті және басқа да арнайы талаптарды қамтамасыз етуге, олардың қызметін қадағалау мен бақылауға жұмсалған шығындар;

6) өндірістік ерекшеліктеріне байланысты және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген қалыпты еңбек жағдайларын және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шығындар;

7) өндірістік қорларды жалдау үшін төлемақы;

8) өндірістік қызметпен байланысты іссапар шығыстары;

9) тоқтап қалудан болған шығындар;

10) өндірісті әзірлеуге және игеруге жұмсалған шығыстар;

11) жабдықты ұстауға және пайдалануға жұмсалған шығыстар;

12) кепілдік берілген қызмет көрсетуге және тауарларды жөндеуге жұмсалған шығындар;

13) басқа да өндірістік шығыстар мен жоғалтулар.

"Барлығы" жолында жолдар мен бағандар бойынша жиынтық мәні көрсетіледі.

21. "Дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазу"

1.5-нысанында осы берешек бойынша соңғы операция кезінен бастап бір жылдан астам қалыптасқан дебиторлық (кредиторлық) берешек сомалары көрсетіледі.

Жеке тұлғалар бойынша берешек бір жолмен көрсетіледі және тек "Сома" 7-бағаны толтырылады;

Бұл ретте "Дебитордың (кредитордың) атауы" 2-бағанында "жеке тұлғалар" көрсетіледі.

Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

"№" 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі. Келесі ақпарат нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

"Дебитордың (кредитордың) атауы" 2-бағанында заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

"Резидент (резидент емес)" 3-бағанында жеткізушінің резиденттігін белгілейтін код көрсетіледі:

0 – Қазақстан Республикасының резиденті,

1 – Қазақстан Республикасының резидент емес.

"ЖСН (БСН)" 4-бағанында дебитордың (кредитордың) сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда көрсетіледі.

"Резиденттік елдің коды" 5-бағанында резидент емес салық төлеушінің резиденттік елдің кодын толтыру кезінде елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

"Сома" 6-бағанында дебиторлық (кредиторлық) берешектің қалыптасқан сомасы көрсетіледі.

"Берешектің қалыптасқан мерзімі" 7-бағанында кредиторлық (дебиторлық) берешектің қалыптасқан кезеңі көрсетіледі.

"Қалыптасу себептері" 8-бағанында дебиторлық (кредиторлық) берешектің қалыптасу себептері көрсетіледі.

3. Банктік қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын,

мониторингке жататын ірі салық төлеушілермен мониторинг бойынша салықтық есептілікті жасау қағидасы (2.1-2.3 нысандар)

22. "Бухгалтерлік баланс" 2.1 және "Табыстар және шығыстар туралы есеп" 2.2-нысандары Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген салық төлеушінің қаржы есебі болып табылады. Нысандар өспелі қорытындымен толтырылады, өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

23. "Дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазу" 2.3-нысанында осы берешек бойынша соңғы операция кезінен бастап бір жылдан астам қалыптасқан дебиторлық (кредиторлық) берешек сомалары көрсетіледі.

Жеке тұлғалар бойынша берешек бір жолмен көрсетіледі және тек "Сома" 7-бағаны толтырылады;

Бұл ретте "Дебитордың (кредитордың) атауы" 2-бағанында "жеке тұлғалар" көрсетіледі.

Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

"№" 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі. Келесі ақпарат нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

"Дебитордың (кредитордың) атауы" 2-бағанында заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

"Резидент (резидент емес)" 3-бағанында жеткізушінің резиденттігін белгілейтін код көрсетіледі:

0 – Қазақстан Республикасының резиденті,

1 – Қазақстан Республикасының резидент емес.

"ЖСН (БСН)" 4-бағанында дебитордың (кредитордың) сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Резиденттік елдің коды" 5-бағанында резидент емес салық төлеушінің резиденттік елдің кодын толтыру кезінде елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

"Сома" 6-бағанында дебиторлық (кредиторлық) берешектің қалыптасқан сомасы көрсетіледі.

"Берешектің қалыптасқан мерзімі" 7-бағанында кредиторлық (дебиторлық) берешектің қалыптасқан кезеңі көрсетіледі.

"Қалыптасу себептері" 8-бағанында дебиторлық (кредиторлық) берешектің қалыптасу себептері көрсетіледі.

4. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту бойынша қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша

қызметті жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің мониторинг бойынша салық есептілігін жасау қағидасы (3.1-3.4 нысандар)

24. "Зейнетақы активтері бойынша есеп" 3.1, "Бухгалтерлік баланс" 3.3, "Табыстар мен шығыстар туралы есеп" 3.4-нысандары есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есептілігі болып табылады және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасына сәйкес толтырылады. Нысандар өспелі қорытындымен толтырылады. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

25. "Зейнетақы активтерін басқару бойынша есеп" 3.2-нысаны.

"№" 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі. Келесі ақпарат нөмірлеу тәртібін үзбеуге тиіс.

"Салық кезеңінің соңындағы зейнетақы активтерінің сомасы" 2-бағанында салық кезеңінің соңындағы жағдайы бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, заңды тұлғамен басқаруға алынған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Инвестицияланды, барлығы" 3-бағанында салық кезеңінің аяғында қаржылық құралдарға орналастырылған әрбір бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі. Бұл баған осы есептің 5 – 13-бағандарының сомасын көрсетеді.

"ҚР Ұлттық Банкі" 4-бағанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің салымына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Екінші деңгейдегі банктер" 5-бағанында екінші деңгейдегі банктердің салымына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"ҚР ҚМ мен ҚР ҰБ бағалы қағаздары" 6-бағанында Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары" 7-бағанында жергілікті атқарушы органдары шығарған, мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары" 8-бағанында шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары" 9-бағанында шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" 10-бағанында халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Мемлекеттік емес бағалы қағаздар" 11-бағанында сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне қосылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигацияларына; "А" санаты бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне қосылған, ипотекалық облигациялардан басқа да, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына; "Қазақстанның Даму Банкісі" АҚ облигацияларына және де басқа мемлекеттік емес бағалы қағаздарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Өзгелері" 12-бағанында осы есептің 5 – 12-бағандарында көрсетілмеген өзге де қаржы құралдарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сомасы көрсетіледі.

"Есептелген инвестициялық табыс" 13-бағанында есепті кезеңде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына есептелген инвестициялық табыс сомасы көрсетіледі.

"Комиссиялық сыйлықақы" 14-бағанында есепті салық кезеңінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаның комиссиялық сыйлықақы сомасы көрсетіледі.

Нысан өспелі қорытындымен толтырылады, өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

5. Сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің мониторинг бойынша салық есептілігін жасау қағидасы (4.1-4.3-нысандар)

26. "Сақтандыру қызметі туралы есеп" 4.1-нысанында сақтандыру қызметі жөніндегі операциялар көрсетіледі.

Жеке тұлғаларға көрсетілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі, жалпы соманы көрсете отырып, бір жолмен көрсетіледі. Бұл ретте сақтандыру, резидент (резидент емес), салық мөлшерлемесі сыныптарының бағандары толтырылмайды.

"№" 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі. Келесі ақпарат нөмірлеу тәртібін үзбеуге тиіс.

"Сақтандыру сыныптары" 2-бағанында сақтандыру қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес көрсетілетін сақтандыру қызметі сыныбының толық атауы көрсетіледі.

"Сақтандыруға (қайта сақтандыруға) қабылданған шарттардың саны" 3-бағанында сақтандыруға (қайта сақтандыруға) қабылданған шарттардың саны көрсетіледі.

"Резидент (резидент емес)" 4-бағанында сатып алушының резиденттігін білдіретін код көрсетіледі:

0 – Қазақстан Республикасының резиденті;

1 – Қазақстан Республикасының резиденті емес.

"Сақтандыруға және қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақылары" 5-бағанында осы шарт бойынша сақтандыру сыйлықақылары сомасы көрсетіледі.

"Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары" 6-бағанында тиісті шарт бойынша есепті кезеңде қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде бұрын берілген есептерде көрсетілген сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру жүргізілген жағдайда, онда "Сақтандыруға және қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақылары" деген 5-бағаны толтырылмайды, ал "Төлеуге салық сомасы" 10-бағанында кемітуге жататын (теріс белгісімен) корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

"Сақтандыру сомасы" 7-бағанында сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы болғанда сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы көрсетіледі.

"Сыйлықақының салық салынатын сомасы" 8-бағанында сыйлықақының салық салынатын сомасы көрсетіледі.

"Салық мөлшерлемесі" 9-бағанында қолданылатын салық мөлшерлемесі көрсетіледі.

"Төленетін салық сомасы" 10-бағанында төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі.

27. "Бухгалтерлік баланс" 4.2, "Табыстар және шығыстар туралы есеп" 4.3 нысандар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есептілігі болып табылады. Нысандар өспелі қорытындымен толтырылады. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

6. Мониторингке жататын ірі салық төлеушілермен алдағы (ағымдағы) күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы салық тіркелімін жасау қағидасы (5-нысан)

28. Алдағы және ағымдағы күнтізбелік жылға ірі салық төлеушінің қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы салық тіркелімінің нысанында (5-нысан) жылдық деректер болады. Есеп кезеңі, алдағы жылғы (ағымдағы) күнтізбелік жыл болып табылады.

Алдағы күнтізбелік жылдың қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы салық тіркелімі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін табыс етіледі.

Ағымдағы күнтізбелік жылдың қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы салық тіркелімі осындай жоспарланатын көрсеткіштердің өзгеруін есепке алғанда, ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 сәуірінен, 15 шілдесінен және 15 қазанынан кешіктірмей табыс етіледі.

Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізіміне жаңадан қосылған ірі салық төлеуші, ағымдағы күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы мониторинг бойынша бастапқы есептілікті, осындай тізімге кіргізілген күнінен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей табыс етеді. Алдағы және ағымдағы күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы мониторинг бойынша келесі есептілік Салық кодексінің 624-бабының жағдайларына сәйкес табыс етіледі.

Алдағы (ағымдағы) күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері туралы салық тіркелімінің нысанында:

- 1) "өлшем бірлігі" бағанында – тиісті жолдарға қолданылатын өлшем бірлігі;
- 2) "Өткен жылдың фактісі" бағанында – өткен жылдың нақты деректері;
- 3) "Алдағы күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері" бағанында – жоспарлы көрсеткіштер. Бұл баған ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін табыс етілген кезде толтырылады;
- 4) "Ағымдағы күнтізбелік жылға қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарланатын көрсеткіштері" бағанында - жоспарлы көрсеткіштер. Бұл баған мұндай ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 сәуірінен, 15 шілдесінен және 15 қазанынан кешіктірмей табыс етілген кезде толтырылады;

5) "Өндірілген өнімдердің көлемі, оның ішінде негізгі түрлері" 1 жолында өндірілген өнімнің жалпы көлемі. Егерде өнімдердің бірнеше түрі өндірілген жағдайда, 1 жолдың төменгі жолында өнімдердің негізгі түрлерінің атауын және

көлемін көрсету қажет. Салық төлеуші қызмет көрсетпеген жағдайда, бұл жол толтыруға жатпайды;

6) "Өткізу көлемі (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің), оның ішінде барлығы: " 2 жолында салық кезеңіндегі жалпы өткізу көлемі (тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың, жұмыстардың және қызметтердің);

7) "экспортқа" 2.1. төменгі жолында – экспортқа жіберілген (тауарларлардың, жұмыстардың және қызметтердің) өткізу көлемі;

8) "ішкі нарыққа" 2.2. төменгі жолында – ішкі нарыққа жіберілген (тауарларлардың, жұмыстардың және қызметтердің) өткізу көлемі;

9) "Экспортқа өткізу (тариф) бағасы, өнімдердің негізгі түрлері (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің) кескінінде" - экспортқа өткізудің (тариф) жоспарланатын бағасы. Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірнеше түрін өткізу жағдайы болса, 3 төменгі жолда экспортқа өткізу (тариф) бағасы, негізгі өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің) түрі көрсетіледі;

10) "Ішкі нарыққа өткізу (тариф) бағасы, негізгі өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің) негізгі түрлері кескінінде" - ішкі нарыққа өткізудің (тариф) жоспарланатын бағасы. Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірнеше түрін өткізген жағдайда, 4 төменгі жолдың ішкі нарыққа өткізудің (тариф) бағасы (өнімдердің тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің негізгі түрлерінің кескінінде);

11) "Өткізуден түскен табыс" 5 жолында – өткізуден түскен табыс;

12) "Өзге табыстар" 6 жолында – корпоративтік табыс салығының салық салу объектісі болып табылатын, өзге табыстары;

13) "Активтер құны" 7 жолында – активтердің (негізгі құралдар, материалдық емес және биологиялық активтер, жылжымайтын мүлікке инвестициялар) баланстық құны (есептілікті табыс ету күні жағдайына);

14) "Барлық шығындар, оның ішінде" 8 жолында – шығындар;

15) "Өткізу бойынша шығындар" 8.1. жолында – өткізу бойынша шығындар;

16) "Өзіндік құны" 8.2. жолында – өнімдердің (тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың, жұмыстардың және қызметтердің) жоспарланатын өзіндік құны ;

17) "Амортизация" 8.2.1 жолында – жоспарланатын амортизация;

18) "ЕАҚ" 8.2.2. жолында – жоспарланатын еңбек ақы қоры;

19) "Өзгелері" 8.3. жолында – осы кестедегі 8.1 және 8.2 жолдарында көрсетілмеген өзге шығындар;

20) "КТС есептеген кезде шегерімге жататын шығындар" 9 жолында – есепті салық кезеңіндегі корпоративтік табыс салығын есептеген кезде шегерімге жататын шығындар;

21) "Салықтарды болжамды есептеуі" 10 жолында – есепті салық кезеңіндегі есепті салық кезеңіндегі салықтардың болжамды есептелу сомасы. "Өткен жылдың фактісі" графасын толтыру кезінде, осы берілген жол толтыруға жатпайды;

22) "КТС" 10.1 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, корпоративтік табыс салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

23) "ҚҚС" 10.2 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, қосылған құн салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

24) "ПҚӨС" 10.3 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, ПҚӨС сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

25) "ҮПС" 10.4 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, үстеме пайда салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

26) "Рента салығы" 10.5 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, рента салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

27) "Экспорттық кеден бажы" 10.6 жолында – есепті салық кезеңінде есептеуге болжамданатын, экспорттық кеден бажының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

28) "Салықтардың жоспарланатын төлемі" 11 жолында – есепті салықтық кезеңде төлеуге жататын, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің жалпы сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

29) "КТС" 11.1 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, корпоративтік табыс салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

30) "ҚҚС" 11.2 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, қосылған құн салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі", бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

31) "ПҚӨС" 11.3 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, ПҚӨС сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

32) "ҮПС" 11.4 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, үстеме пайда салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

33) "Рента салығы" 11.5 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, рента салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

34) "Экспорттық кеден бажы" 11.6 жолында – есепті салық кезеңінде төлеуге болжамданатын, экспорттық кеден бажының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

35) "Қайтаруға ҚҚС болжамданатын сомасы" 12 жолында – есепті салық кезеңінде қайтаруға жататын, қосылған құн салығының жалпы сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

36) "Бюджеттен ҚҚС қайтаруға болжамданатын сомасы" 12.1 жолында – есепті салық кезеңінде бюджеттен қайтаруға жататын, қосылған құн салығының сомасы. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды;

37) "Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу есебіне ҚҚС қайтаруға болжамданатын сома" 12.2 жолында – есепті салық кезеңінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу есебіне, қайтаруға жататын, қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. "Өткен жылдың фактісі" бағанын толтырған кезде, осы жол толтыруға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 15 сәуірдегі
№ 271 бұйрығына
30-қосымша

Нысан

Жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрымдылық бөлімшелерінің шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақша және (немесе) өзге мүлік алғаны туралы салық тіркелімі

Ескерту. Бұйрық 30-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. ЖСН/БСН _____

2. Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

немесе салық төлеушінің атауы _____

3. Салық кезеңі: _____

Жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрымдылық бөлімшелерінің шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақша және (немесе) өзге мүлік алғаны туралы мәліметтер

*

А – заң көмегін көрсету, оның ішінде құқықтық ақпараттандыру, қорғау және азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға кеңес беру

В – қоғамдық пікір сауалнамаларын, әлеуметтік сауалнамаларды зерделеу және өткізу (коммерциялық мақсатта өткізілетін қоғамдық пікір сауалнамалары мен әлеуметтік сауалнамаларды қоспағанда), сондай-ақ олардың нәтижелерін тарату және жариялау

С – коммерциялық мақсатта жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, ақпарат жинау, талдау және тарату

**

1 – шетел мемлекеті

2 – халықаралық не шетел ұйымы

3 – шетелдік

4 –

азаматтығы жоқ тұлға

Жол №	Алуға жататын ақша сомасы	Мүліктің атауы	Мүліктің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Мүліктің саны	Мүліктің құны	Қызмет түрлері *
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны		x	x			x

кестенің жалғасы

Жол №	Ақша не (немесе) өзге мүлікті алу көзінің коды **	Ақша не (немесе) өзге мүлікті беруді болжайтын субъектінің елінің атауы	Ақша не (немесе) өзге мүлікті беруді болжайтын субъектінің резиденттік еліндегі атауы	Ақша және (немесе) өзге мүлікті беретін субъектінің резиденттік еліндегі тіркеу нөмірі/ жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	Мәміле жасасу туралы құжат болған жағдайда күні	Мәміле жасасу туралы құжат болған жағдайда) №
1	8	9	10	11	12	13
Жиыны						

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
басшының (салық төлеушінің) қолы, мөрі)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
бас бухгалтердің қолы)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
салық тіркелімін жасауға жауапты тұлғаның қолы)

(салық тіркелімін жасау күні)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 15 сәуірдегі
№ 271 бұйрығына
31-қосымша

Нысан

**Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың
құрымдылық бөлімшелері шетел мемлекеттерінен, халықаралық және
шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан
алған ақша және (немесе) өзге мүлік туралы салық тіркелімі**

**Ескерту. Бұйрық 31-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің
19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. ЖСН/БСН _____

2. Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
немесе салық төлеушінің атауы _____

3. Салық кезеңі: _____

Жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық
бөлімшелері шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік
ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан алған ақша
және (немесе) өзге мүлік туралы мәліметтер

*

А – заң көмегін көрсету, оның ішінде құқықтық ақпараттандыру, қорғау және
азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға кеңес беру

В – қоғамдық пікір сауалнамаларын, әлеуметтік сауалнамаларды зерделеу және
өткізу (коммерциялық мақсатта өткізілетін қоғамдық пікір сауалнамалары мен
әлеуметтік сауалнамаларды қоспағанда), сондай-ақ олардың нәтижелерін тарату
және жариялау

**

1 – шетел
мемлекеті

2 – ***

халықаралық

не шетел
қолма-қол
ақша

3 – шетелдік

С – коммерциялық мақсатта жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, ақпарат 4 – 2 – жинау, талдау және тарату азаматтығы қолма-қол жоқ тұлға ақшасыз

Жол №	I с жүзінде алынған ақша сомасы	I с жүзінде алынған мүліктің атауы	I с жүзінде алынған мүліктің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	I с жүзінде алынған мүліктің саны	I с жүзінде алынған мүліктің құны	I с жүзінде ақша және (немесе) өзге мүлікті алу күні	Қызмет түрлері *	Ақша және (немесе) өзге мүлікті алу көзінің коды**
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны		x	x			x	x	x

кестенің жалғасы

Жол №	Ақша және (немесе) өзге мүлікті берген субъектінің резиденттік еліндегі атауы	Ақша және (немесе) өзге мүлікті берген субъектінің елінің атауы	Ақша және (немесе) өзге мүлікті берген субъектінің резиденттік еліндегі тіркеу нөмірі/ Жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	Мәміле жасасу туралы құжаттың күні (құжат болған жағдайда)	Мәміле жасасу туралы құжаттың нөмірі (құжат болған жағдайда)	Төлем түрі * **	Банк атауы
1	10	11	12	13	14	15	16
	x	x	x	x	x	x	x
Жиыны							

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
басшының (салық төлеушінің) қолы, мөрі)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
бас бухгалтердің қолы)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
салық тіркелімін жасауға жауапты тұлғаның қолы)

(салық тіркелімін жасау күні)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 15 сәуірдегі

Нысан

Жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрымдылық бөлімшелерінің шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан алған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті жаратуы туралы салық тіркелімі

Ескерту. Бұйрық 32-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 19.10.2016 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. ЖСН/БСН _____

2. Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе салық төлеушінің атауы _____

3. Салық кезеңі: _____

Жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың құрымдылық бөлімшелерінің шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан алған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті жаратуы туралы мәліметтер

*

1 – қолма-қол ақша

2 – қолма-қол ақшасыз

Жол №	Ақша және (немесе) өзге мүлік алған тұлғаның ЖСН (БСН)	Ақша және (немесе) өзге мүлік алған тұлғаның атауы	Ақша және (немесе) өзге мүлікті жұмсау (өткізу) құжатының күні	Ақша және (немесе) өзге мүлікті жұмсау (өткізу) құжатының №	Ақша жұмсау (өткізу) сомасы	Төлем түрі*	Мүлік атауы	Сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Мүлік саны	Мүлік құны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны	x	x	x	x		x	x	x		

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), басшының (салық төлеушінің) қолы, мөрі)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
бас бухгалтердің қолы)

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
салық тіркелімін жасауға жауапты тұлғаның қолы)

(салық тіркелімін жасау күні)